

Қаланың жергілікті атқарушы органының резерв қаражатын пайдалану қағидасын бекіту туралы

Күшін жойған

Павлодар қаласы әкімдігінің 2003 жылғы 23 шілдедегі N 603/17 қаулысы. Павлодар облысының Әділет басқармасында 2003 жылғы 29 тамызда N 2007 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Павлодар қалалық әкімдігінің 2007 жылғы 12 қаңтардағы N 9/1 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Павлодар қалалық әкімдігінің 2007 жылғы 12 қаңтардағы N 9/1 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 сәуірдегі "Бюджет жүйесі туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы үкіметінің 1999 жылғы 18 қыркүйектегі "Қазақстан Республикасы Үкіметінің резерв қаражатын пайдалану" қағидасын бекіту туралы» N 1408 қаулысына сәйкес Павлодар қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. Қоса беріліп отырған қаланың жергілікті атқарушы органының резерв қаражатын пайдалану қағидасы бекітілсін.
2. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Х.Т. Оспановқа жүктелсін.

Павлодар қаласы әкімінің

міндетін атқарушы

Павлодар қаласы әкімдігінің
2003 жылғы 23 шілдедегі
"Қаланың жергілікті атқарушы
органының резерв қаражатын
пайдалану қағидасын бекіту туралы
N 603/17 қаулысымен
BEKITILGEN

Қаланың жергілікті атқарушы органының резерв қаражатын пайдалану **ҚАҒИДАСЫ**

Қаланың жергілікті атқарушы органының резерв қаражатын пайдаланудың осы қағидасы (бұдан әрі - қағида) қаланың жергілікті атқарушы органының резерв қаражатын бөлу және пайдалану тәртібін анықтайды.

1. Жалпы ереже

1. Осы қағидада мынадай түсініктер пайдаланылады:

1) қаланың жергілікті атқарушы органының резерві тиісті қаржы жылына Павлодар қаласы бюджетінде қаралған және біржолғы сипаттағы көзделмеген шығынды қаржыландыру үшін қала әкімдігі қаулысына сәйкес бөлінген қаражат;

2) көзделмеген шығын ағымдағы қаржы жылына қалалық бюджетті қалыптастыру кезінде жоспарлауға мүмкіндік болмаған және ағымдағы қаржы жылында қаржыландыруды қажет ететін шығын;

3) Павлодар қаласының жергілікті атқарушы органының міндеттерін өтеу үшін қаланың жергілікті атқарушы органының резерв құрамының қаражаты - қаланың жергілікті атқарушы органының резерв құрамында қаралған және соттың шешімдері бойынша жергілікті атқарушы органдарының міндеттерін өтеу үшін жергілікті бюджеттік бағдарлама әкімгерлеріне бөлінген қаражат;

4) Павлодар қаласы жергілікті атқарушы органының резерв қаражатын алушы жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімгері.

2. Қаланың жергілікті атқарушы органының сақтық қаражаты есебінен қаржыландырылатын көзделмеген біржолғы шығындарға мынадай іс-шаралар ж а т а д ы :

1) табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайларды жою, оған к і р е т і н д е р :

төтенше жағдай нәтижесінде жапа шеккендерге материалдық көмек көрсету;
жапа шеккендер үшін уақытша тұратын және тамақтану пункттерін ұ й ы м д а с т ы р у және ұ с т а у ;
апаттық-құтқару және апаттық-қайта қалпына келтіру бөлімшелерін жабдықтармен және құтқарудың техникалық құралдарымен қосымша жабдықтау ;

төтенше жағдайлар зонасына күш салу және қаражат бөлу;

2) соттың шешімдері бойынша қаланың жергілікті атқарушы органының м і н д е т т е р і н ө т е у ;

3) қала әкімдігінің қаулыларымен белгіленетін өзге де көзделмеген шығындар .

2. Қаланың жергілікті атқарушы органының сақтық қаражатын пайдалану және бөлу тәртібі

3. Павлодар қаласының жергілікті атқарушы органының резервінен қаражаттың бөлінуі ағымдағы жылға сәйкес қалалық бюджеттің құрамында осы мақсатқа бекітілген мөлшер шеңберінде қаланың қаржы басқармасымен жүзеге а с ы р ы л а д ы .

4. Қаржыландыру Павлодар қаласы әкімдігі қаулысының негізінде

заңнамамен бекітілген тәртіпте жүргізіледі, онда, алушы бөлінген қаражат көлемі және оны пайдалану мақсаты, сонымен қатар, қаражат қайтару негізінде бөлінген жағдайда оны табыстау және қайтару мерзімі сияқты мәліметтер көрсетіледі.

5. Қаланың жергілікті атқарушы органының сақтық қаражатының қатан нысаналы мақсаты бар және осы қағидамен, көрсетілген резервтен қаражат бөлу туралы Павлодар қаласы әкімдігінің қаулыларымен көзделмеген қажеттіліктерге п а й д а л а н у ғ а б о л м а й д ы .

6. Қаланың жергілікті атқарушы органының резервінен қаражат бөлу туралы қала әкімдігі қаулысын дайындау кезінде мынадай жағдайлар есепке алынады:

1) ағымдағы қаржы жылына қалалық бюджетте бөлінген қаржының жоқтығы;

2) ағымдағы қаржы жылында қаланың жергілікті атқарушы органының сақтық қаражатында қажеттіліктің пайда болуы, сот шешімдері бойынша қаланың жергілікті атқарушы органы міндеттерін өтеу жағдайларынан басқа алушының бұрынғы міндеттерімен байланысты болмауы қажет.

7. Қала әкімдігінің қаланың жергілікті атқарушы органының резервінен қаражат бөлу туралы қаулылары, қала әкімдігінің тиісті қаулыларының негізінде жылдың аяғына дейін күшін жояды.

3. Табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға бөлінетін қаражат

8. Табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдай пайда болғанда қаланың жергілікті атқарушы органының резервінен қаражат бөлу туралы қолдау хатты қаланың төтенше жағдайлар жөніндегі басқармасы қарастырады. Және де пайда болған төтенше жағдай жергілікті ауқымда болуы тиіс.

9. Дәлелдеуші материалдар мен есептерді беру тәртібін және тізбесін қаланың төтенше жағдайлар жөніндегі басқармасы анықтайды.

10. Табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайларды жою қажет болған жағдайда қаланың төтенше жағдайлар жөніндегі басқармасы заңнамамен бекітілген тәртіпте төтенше жағдайларды жоюға қаражатты бөлу туралы қала әкімдігіне қаулы жобасын қарауға енгізеді.

4. Сот шешімі бойынша қаланың жергілікті атқарушы органының міндеттерін өтеуге арналған қаражатты бөлу

11. Сот шешімі бойынша қаланың жергілікті атқарушы органының міндеттерін өтеу соттың атқарушы құжаттары болған кезде қаланың жергілікті атқарушы органының резерв қаражаты есебінен қамтамасыз етіледі.

Қолданып жүрген заңнамамен көзделген негізде сот шешімі бойынша төлемақы жүргізуге жергілікті бюджеттік бағдарлама әкімгерлері міндетті, және де олар барлық сот инстанцияларында көрсетілген шешімдерге шағым беруі тиіс.

Актілерді заңсыз қабылдағаны үшін, сонымен қатар әкімшілік басқаруда өзінің лауазымдық тұлғаларының құқық бұзушылық әрекеті үшін жергілікті бюджет бағдарлама әкімгерлері "әкімшілік шығындар» бағдарламасы бойынша оларға бөлінген ақша есебінен материалдық жауапкершілікке тартылады.

12. Жергілікті бюджеттік бағдарлама әкімгерінің міндеттерін өтеуге қаланың жергілікті атқарушы органының резервінен қаражат бөлу туралы қала әкімдігі қаулысының жобасы заңнамамен бекітілген тәртіпте тиісті жергілікті бюджеттік бағдарлама әкімгерлерімен дайындалады.

13. Қаланың жергілікті атқарушы органының міндеттерін өтеуге қаланың жергілікті атқарушы органының резервінен қаражат бөлу туралы қала әкімдігі қаулысының жобасы заңнамамен бекітілген тәртіпте қаланың қаржы басқармасында дайындалады.

5. Өзге де көзделмеген шығындарға қаржы бөлу

14. Өзге де көзделмеген шығындарға қаланың жергілікті атқарушы органының резервінен қаражат бөлу үшін жергілікті бюджеттік бағдарлама әкімгерлері тиісті дәлелдері және есептерімен бірге қаражат бөлу туралы қолдаухатты қаланың қаланың қаржы басқармасына тапсырады.

15. Қаланың қаржы басқармасы берілген қолдаухат негізінде қаланың жергілікті атқарушы органының резервінен қаражат бөлу мүмкіндігі немесе мүмкін еместігі туралы қорытынды шығарады.

Қолдаухатты қарастыру кезінде, табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайды жоюға қаржы жылы ішінде өзге де көзделмеген шығындарға қаражатты үйлесімді бөлу мақсатында өзге де көзделмеген шығындарға қаланың жергілікті атқарушы органының резервінен бөлінетін қалалық бюджетте табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға және өзге де көзделмеген шығындарға көзделген қаражат сомасы әрбір ағымдағы тоқсанда жылдық сомадан 25 пайыздан аспауы тиіс. Мұнда табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайды жоюға және өзге де көзделмеген шығындарға жергілікті атқарушы органының резервінен қаражат бөлу туралы қала әкімдігінің бұрын қабылданған қаулылары есепке алынады.

16. Жергілікті бюджеттік бағдарлама әкімгерінің қолдаухаты оң шешілген жағдайда басқадай көзделмеген шығындарға арналған қаланың жергілікті атқарушы органының резервінен қаражат бөлу туралы қала әкімдігі қаулысының жобасы заңнамамен бекітілген тәртіпте осы әкімгер дайындайды.

6. Бақылау және есеп беру

17. Қаланың жергілікті атқарушы органының резервінен бөлінетін қаражатты алушылар қаражат бөлінген күннен бастап бір күнтізбелік ай ішінде қаланың қаржы басқармасына орындалған жұмыстың құны және көлемі, олардың пайдаланылуы туралы есеп беруі тиіс.

18. қаланың қаржы басқармасы ай сайын қаланың жергілікті атқарушы органының резерв қаражатын пайдалану және оны тиісті кезеңге арналған қалдығы туралы қалалық жергілікті атқарушы органдарына ақпарат береді.

19. Қаланың жергілікті атқарушы органының резервінен бөлінген қаражатты мақсатсыз пайдаланғаны үшін, алушы қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген тәртіпте жауапкершілікке тартылады.

20. Қаланың жергілікті атқарушы органының резервінен бөлінген қаражатының мақсатты пайдалануын бақылау қаланың қаржы басқармасымен жүзеге асырылады.